

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
мүшелеріне
(тізім бойынша)

2019 жылғы 13 желтоқсандағы
№ ДС-197 хатқа

Құрметті депутаттар!

Шетелдік жұмыс күшін тартуға қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша мемлекеттік органдардың ресми есептерінде еңбекші көшіп-қонушылардың есебін жүргізу бойынша

Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу арқылы ішкі еңбек нарығын қорғау және экономика қажеттілігін білікті шетел мамандарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Ішкі еңбек нарығын қорғау бойынша шаралар шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартатын 2100 кәсіпорында кадрлардағы жергілікті қамту 96% деңгейінде қамтамасыз етілді.

2017 жылдан бастап рұқсат беру және ұзарту үшін салық алымы енгізілді, ол санатына қарай 137-ден 250 АЕК-ке дейін белгіленеді (санаты мен біліктілігі неғұрлым төмен болса, салық алымы соғұрлым жоғары болады).

2019 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдар жұмыс берушілерге 23520 рұқсат берді, олар **7.5 млрд. теңге** мөлшерінде салық алымын төледі (2017 және 2018 жылдардың қорытындысы бойынша жұмыс берушілер салық алымдарын тиісінше 9,1 және 8,5 млрд. теңгеге енгізді).

Қазіргі уақытта ішкі еңбек нарығын қорғауды күшейту мақсатында 2020 жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота 40%-ға төмендеді және **29,3 мың бірлік** мөлшерінде бекітілді.

Сонымен қатар, қазақстандық азаматтар меңгерген кәсіптер мен мамандықтар бойынша шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібін қатаңдату бойынша шаралар қарастырылуда, оның ішінде:

- шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны қалыптастыру кезінде комиссияның жұмысын күшейту;

- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кадрлардағы жергілікті қамту бойынша шарттарды орындауы (*қазақстандық азаматтардың саны 1, 2-санаттар бойынша 70% - дан, ал 3 және 4-санаттар бойынша 90% - дан кем болмауға тиіс*);

- жергілікті кадрлар және т.б. есебінен жұмыс күшіне қажеттілікті қанағаттандыру мүмкін болған кезінде 4-санат бойынша рұқсат беруден бас тарту үшін негіздерді кеңейту көзделген.

Жоғарыда көрсетілген шараларды қабылдау ішкі еңбек нарығын қосымша қорғауға және жергілікті атқарушы органдарға қазақстандық азаматтарды жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді.

Жеке секторда жұмыс істейтін заңсыз еңбек иммигранттарын көлеңкелік сектордан шығару мақсатында 2013 жылғы желтоқсанда, жұмыс беруші жеке тұлғаларда үй шаруашылығында жұмыс істейтін (қызмет көрсететін) еңбек иммигранттарына рұқсаттар беру бойынша режим енгізілген. Рұқсатты ішкі істер органдары береді.

Осы тетікті енгізу Қазақстан аумағында заңсыз мигранттардың еңбек қызметін реттеуге және мемлекеттік бюджетті толықтыруға мүмкіндік берді.

Еңбекші иммигрантқа оның Қазақстан Республикасының аумағында болуының заңдылығын, сондай-ақ рұқсат алуға арналған өтініште көрсетілген кезеңге **екі айлық есептік көрсеткіш** мөлшерінде жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемнің төленгенін растайтын құжаттар ұсынылған кезде рұқсат беріледі.

2019 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ішкі істер органдары еңбекші иммигранттарға 502 253 рұқсат берді (*оның ішінде: бірінші рет – 395 344, ұзартылған – 106 909*), **6 млрд. теңгеден астам** қаражат мемлекеттік бюджетке түсті.

Барлығы 5 жыл ішінде бюджетке **шамамен 18 млрд. теңге** түсті. Түскен қаражат өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде жұмыссыз азаматтарды қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға бағытталады.

Шетелдік еңбек мигранттарының Қазақстаннан шығарған қаражат көлемі туралы

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 2019 жылдың 1-жартыжылдығында Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғаларының Өзбекстан Республикасына аударымдары 60,0 млн. АҚШ долл., Тәжікстан Республикасына – 7,4 млн. АҚШ долл., Өзбекстан Республикасынан ҚР-ның резидент жеке тұлғаларының пайдасына – 17,0 млн. АҚШ долл., Тәжікстан Республикасынан – 1 млн. АҚШ долл. құрады.

Төлем балансының деректері бойынша бейрезидент жеке тұлғалардың пайдасына резидент жеке тұлғалардың шетелге ақша аударымдары басым түрде ТМД елдеріне және алыс шетелдің жекелеген елдеріне жіберіледі.

Еңбекақы төлеу қорына түсетін жүктемеге қатысты

Қазіргі уақытта Еңбекақы төлеу қорына (бұдан әрі – ЕТҚ) түсетін жүктеме номиналды мәнде 31%-ды құрайды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінде және Қазақстанда ЕТҚ-ға тиімді жүктеме бойынша жүргізілген салыстырмалы талдау Қазақстандағы тиімді мөлшерлеме (жүктеме) 25,5%-ды құрайтынын көрсетті, бұл ЭЫДҰ елдеріндегі жүктеменің орташа мәнінен 10% - ға төмен, ол 35,5% - ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауына сәйкес Үкіметке әлеуметтік және зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, сондай-ақ бизнестің дамуын ынталандыруды сақтау үшін бизнестің әлеуметтік аударымдарын жинау көлемі мен тетіктері бойынша шоғырландырылған шешім әзірлеуге тапсырма берілді.

Осы мақсатта 2022 жылдан бастап әлеуметтік салықты, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналарды және жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын қамтитын біріккен әлеуметтік төлемді енгізу туралы ұсыныс қаралуда.

Жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын есептеуді және төлеуді өзгеріссіз қалдыру ұсынылады.

Жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы жарналарын және біріккен әлеуметтік төлемді төлеу «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-да бірыңғай төлем құжатымен жүргізілетін болады.

Осылайша, ұсынылып отырған біріккен әлеуметтік төлемді енгізу ЕТҚ-дан түсетін салық пен төлемдерді есептеуді едәуір жеңілдетеді, өйткені жарналарды есептеу кезінде қолданылатын әртүрлі шегерімдер алып тасталады.

Сауалда көтеріліп отырған мәселелер бойынша жұмыс жүргізілуде және Үкіметтің бақылауында.

А. Мамин